Қонаев қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасында 1756 заңды тұлға, 5994 жеке кәсіпкер тіркелген. Басқарма 2024 жылға жоспарланған 148 472 млн. теңгенің орнына 142 011 млн. теңге көлемінде мемлекеттік бюджетке түсімдерді қамтамасыз етті, бұл жоспардың 95,6% -ын құрады.

Республикалық бюджет бойынша 88 267 млрд. теңге сомасында түсімдер қамтамасыз етілді, жоспар бойынша 95 156 млн. теңге, бұл жоспардың 92,8% -ын құрады.

Жергілікті бюджет бойынша 53 316 млн. теңге сомасында түсімдер қамтамасыз етілді, бұл жоспардың 100,8% -ын құрады.



САЙЛЫБАЕВ БІЛІМ БАҚЫТҰЛЫ  
БАСШЫ



2025 жылдың 4 ақпанынан бастап Сайлыбаев Білім Бақытұлы Қонаев қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы болып табылады. Еңбек жолын 15.10.2007 жылдан бастап Алматы қаласы Салық комитетінің іс қағаздарын жүргізуші қызметінен бастаған. Мемлекеттік кірістер органдарындағы жалпы өтілі 12 жылды құрайды.

Басқармада 18 қызметкер жұмыс істейді, оның ішінде 20 жылдан астам - салық төлеушілермен жұмыс жөніндегі басшы Абыкулова Гүлнара Мәлікқызы Салық қызметінің үздігі медалімен марапатталған. 15 жылдан астам уақыт - өндірістік емес төлемдер бөлімінің басшысы Игорь Борисович Бекшентаев, 30 жыл салық қызметінің мерейтойлық медалімен марапатталған.

Басқармада мемлекеттік кірістер органының тәжірибелі қызметкерлері тәлімгерлері болып табылатын жас мамандар да жұмыс істейді, олар бейімделуге көмектеседі, сондай-ақ салық төлеушілерге бағдарлану, патриотизм сияқты қасиеттерді сіңіреді.

# ҚАРАСАЙ АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТЕК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ

## САЛЫҚ ОРГАНЫНЫң САРА ЖОЛЫ



ЖОЛДЫБЕК АЙГУЛ  
ЖОЛДЫБЕКҚЫЗЫ  
БАСШЫ

Қазақстан тәуелсіздігіне ие болғаннан кейін өзіміздің салық органдарын құру қажеттілігінен тұды. Қазақ ССР Президентінің 1991 жылғы 9 шілдедегі № 380 Мемлекеттік салық қызметін құру туралы Жарлығымен Бас Мемлекеттік салық инспекциясы және облыстар, аудандар және қалалар бойынша мемлекеттік салық инспекцияларынан тұратын Қазақ ССР мемлекеттік салық қызметі құрылды.


Экономиканың жетекші салаларының бірі салық жүйесі де көптеген жаңару мен жаңғыру кезеңдерін бастан кешірді.

Органдар жұмысына заман талабына өзгерістер енгізіліп заңнамалық базасы жетілдірілді. Соның нәтижесінде бүгінгі күні кіріс органдары жемісті еңбек етуде.

Қарасай ауданының бюджет кірісі облыс бюджетіндегі түсімнің 14 пайызын құрап отыр. Өткен жылдар ішінде осы басқармада Молдашев Бекболат Шораманұлы, Дюсембаев Қали Мұқашұлы, Белесбаев Серік Даuletovich, Нұрғазиев Сағдат Шатанович, Кармандаев Кайрат Сулейменович, Дилдаев Рахимжан Мырзаханович, Сауданбеков Айдын Тұрганбекович сынды өз саласының білгірлері жетекшілік етіп, салық басқармасын жаңа белестерге көтеріп отырды. Қазіргі күнде Айгүл Жолдыбекқызы Жолдыбек ұжымды ортақ мақсатқа жұмылдырып келеді.

Жалпы Қарасай ауданы- Алматы облысындағы іргелі өнірлердің бірі. Мұнда ауданның ғана емес, облыстың, тіпті тұтас еліміздің экономикасын ілгерілетуге атсалысып келе жатқан ірі салық төлеуші кесіпорындар шоғырланған.

Шағын және бизнес субъектілеріне көрсетілетін мемлекеттік қолдаулардың арқасында бизнес пен айналысушылар саны артып, олардан мемлекетке түсетін салық салық көлемі де жылдан жылға ұлғайып келеді. Осындай жүйелі істердің нәтижесінде 2024 жылды бюджет кірісі 104,3 млрд теңгеге жетті, әлі де жетеріміз биік.



Өткен жылдарға қарағанда астам уақыт ішінде Карасай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы сан жағынан да, сапа жағынан да өсіп отыр. Алғашқысында құрамында 18 адаммен жұмыс бастаған басқармада бүгінгі күні 46 жоғары білімді маман 8 бөлімде салық төлеуші ретінде тіркелген 380610 салық төлеушіге қызметтерін көрсетуде.

Бюджетке түсетін салықтар мен түсімдердің бөлгіленген болжамға сәйкес тұрақты түсімі қамтамасыз етілуде.

Тек қана кейінгі 20 жылдың өзінде бюджетке түсім көлемі 7 есеге өсті, 2010 жылы бюджетке 11 млрд теңге түссе, 2024 жылғы 12 айдағы түсім 104,3 млрд теңге.

Салық төлеушілерге электронды түрде қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында басқармамыздың 8 терминал орналастырылып, мемлекеттік қызмет көрсетушілер саны 9 жетті. Күнделіктіе- Salyk Azamat, e -Salyk Business жобаларын дұрыс пайдалану жолдарын ақпарат құралдары арқылы, жауапты органдармен бірлесіп жүргізіп отырған семинар - түсіндіру жұмыстарымыздың нәтижесінде мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы да саны даётken кезеңдермен салыстырғанда көш ілгері шықты деуге болады.

2024 жылдың 12 айында 273733 салық төлеушіге мемлекеттік қызмет көрсетілсе соның 266 250, немесе 97,2 пайызы электронды түрдегі көрсетілген қызмет.

2025 салық жылы, жаңа реформалар- жаңа өзгерістердің бастауы болмақ, жаңа экономикалық саясатқа сай жұмыстар жасау, міндетті тапсырмаларды орындау болып табылады.

# ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТЕКІ КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ

Еңбекшіқазақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына Кабышев Аскар Жылкышынович басшылық етеді. Аскар Жылкышынович 1964 жылы Аягөз ауданында, Знаменка ауылында дүниеге келген. Салық саласында 1990 жылдан бастап жұмыс жасап келеді, яғни еңбек жолын салық инспекторы болып бастап, ұзақ жылдар осы салада маман, бас маман, бөлім басшысы, басшының орынбасары, басшы қызыметтерін атқарды. 2021 жылдың 19 шілдеден бүтінгі күнге дейін Еңбекшіқазақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы болып қызымет етіп келеді. Еңбекшіқазақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы 2024 жылға салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер 43 715 180,0 мың теңге құрады, түскені 43 019 611,0 мың теңге, орындалуы 98,4 %, берілген болжаммен салыстырғанда (-695 569,0) мың теңгеге кем түсті. Отken жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда өсу қарқыны 110,5% - ды құрады немесе түсімдер 4 079 097,2 мың теңге сомасына ұлғайды.



**КАБЫШЕВ АСКАР  
ЖЫЛКЫШИНОВИЧ  
БАСШЫ**

Салық түсімі бойынша, салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер 40 699 529,0 мың теңге құрады, түскені 41 454 899,9 мың теңге, орындалуы 101,9 %, берілген болжаммен салыстырғанда 755 370,9 мың теңге сомасына ұлғайды. Отken жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда өсу қарқыны 109,7% - ды құрады немесе түсімдер 3 660 077,4 мың теңге сомасына ұлғайды.

Оның ішінде, Республикалық бюджеттің болжамы 15 979 716,0 мың.теңге, түскені 16 190 384,0 мың теңге, орындалуы 101,3 % , ауытқуы 210 668,0 мың теңге. Отken жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда өсу қарқыны 92,2 % - ды құрады немесе түсімдер (-1 374 707,4) мың теңге сомасына кем түсті.

Салық түсімі бойынша, Республикалық бюджеттің болжамы 15 825 337,0 мың.теңге, түскені 15 865 382,4 мың теңге, орындалуы 100,3 % , ауытқуы 40 045,4 мың теңге. Отken жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда өсу қарқыны 91,3 % - ды құрады немесе түсімдер (-1 506 139,3) мың теңге сомасына кем түсті.

Жергілікті бюджеттің болжамы 27 735 464,0 мың теңге, түскені 26 829 227,0 млн. теңге, орындалуы 96,7 %, немесе ауытқуы - (- 906 237,0) мың теңге. Отken жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда өсу қарқыны 125,5 % - ды құрады немесе түсімдер 5 453 804,6 мың теңге сомасына ұлғайды. Салық түсімі бойынша, жергілікті бюджеттің болжамы 24 874 192,0 мың теңге, түскені 25 589 517,5 млн. теңге, орындалуы 102,9%, немесе ауытқуы - 715 325,5 мың теңге. Отken жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда өсу қарқыны 125,3 % - ды құрады немесе түсімдер 5 166 216,7 мың теңге сомасына ұлғайды.

Жыл сайын электронды көрсетілетін мемлекеттік қызымет саны артып, қағаз түріндегі қабылданатын өтініштердің саны азайып келеді.



Еңбекшіқазақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы 7 бөлімнен құралған - Салық төлеушілермен жұмыс бөлімі, Есепке алу, талдау және ақпараттық технологиялар бөлімі, Заңды тұлғаларды әкімшілендіру бөлімі, Өндірістік емес төлемдерді және дара кәсіпкерлерді әкімшілендіру бөлімі, Жанама салықтарды әкімшілендіру бөлімі, Берешекпен жұмыс бөлімі, Қықықтық және үйымдастыру жұмыс бөлімі. Атап айтқанда, 1 басқарма басшысы, 2 басшының орынбасары, 7 бөлім басшысы, 37 маман, 1 іс жүргізуши, 1 мұрағатшы және 1 комендант жұмыс жасайды.

# ЖАМБЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ



**БАЙШИГАШЕВ БОЛАТ  
ДЮСЕМБАЕВИЧ  
БАСШЫ**

Республикалық бюджет бойынша жоспар 9 994,9 млн.тәңге, нақты түскені 10 364,1 млн.тәңге, жоспар 103,7 % орындалды немесе 369,2 млн.тәңгеге артық түсті. Мемлекеттік бюджет бойынша жоспар 16 219,9 млн.тенге , накты бюджетке түскені 16 369,7 млн.тенге, жоспар 100,9% орындалды немесе 149,7 млн. тәңге артығымен түсті.

2024 жылы салықтың өсу қарқыны 149,2% құрады немесе 2023 жылмен салыстырғанда 8 817,1 млн.тәңге артығымен түсті, оның ішінде республикалық бюджет бойынша өсу қарқыны - 172,9 %, жергілікті бюджет бойынша - 137,3%.

2025 жылдың 2 айына мемлекеттік бюджет бойынша жоспар 4 638,8 млн.тәңге, бюджетке нақты түскені 6 363,8 млн.тәңге, жоспар 137,2%, немесе 1 725,0 млн.тәңге артығымен түсті, оның ішінде республикалық бюджет бойынша жоспар 138,9%, жергілікті бюджет 135% орындалды.

2024 жылдың 2 айымен салыстырғанда түсімнің өсу қарқыны 137% құрайды немесе бюджетке 1 035,2 млн.тәңге артығымен түсті..

Кірістер басқармасына Байшигашев Болат Дюсембаевич басшылық етеді. Болат Дюсембаевич еңбек жолын 1998 жылы Қаскелең ауданы бойынша салық бөлімінің салық инспекторы міндестін атқарушы қызметінен бастап, осы аталған салық комитетінің жеке тұлғалармен жұмыс секторының салық төлеушілермен жұмыс бөлімінің салық инспекторы, аға салық инспекторы, басқада бөлімдерде жетекші маман, бас маман қызметтерін, 2004 - 2010 жылдары аралығында Қарасай ауданы бойынша салық комитетінің тіркелмеген салық төлеушілерді анықтау бөлімінің (жедел топ) басшысы, Ақциздер әкімшілігін жүргізу бөлімінің басшысы қызметтерін, 2010-2019 жылдары аралығында Алматы облысы Кербұлақауданы бойынша салық басқармасының басшысы, 2019 жылдың қараша айынан бастап бүгінгі күні Алматы облысы Жамбыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы болып қызмет етіп келеді.

Жамбыл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы 4 бөлімнен құралған- Үйымдастыру-құқықтық жұмысы және өндіріп алу бөлімі. Салық төлеушілермен жұмыс бөлімі. Камералдық бақылау бөлімі. Өндірістік емес төлемдер бөлімі. Басқарманың штаттық құрамы 25 мемлекеттік қызметкерлерден тұрады. Атап айтқанда, 1 басқарма басшысы, 1 басшы орынбасары, 4 бөлім басшысы, 17 бас маман, 2 жетекші маман. Келісім шарт негізінде 1 іс жүргізуі, 1 мұрағатшы, 1 комендант жұмыс жасайды. Басқарма қызметкерлері Алматы облысы Жамбыл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы ның меншік құқығындағы екі қабатты ғимараттың 1140 шаршы метр аумағында орналасып, қызмет атқарады. Жұмыс бөлмелері жиһазben толықтай жабдықталған. Алматы облысы Жамбыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы бойынша 2024 жылға мемлекеттік бюджет жоспары 26 214,9 млн. тәңге, бюджетке нақты түскені 26 733,8 млн. тәңгені құрап болжам 102% орындалды немесе 518,9 млн. тенге артық түсті.



# БАЛҚАШ АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ



**ЖАНИБЕКОВ ЕРМЕК  
СЕРИКБАЕВИЧ  
БАСШЫ**

Республикалық бюджеттің жоспары 8 738 929,0 мың теңге болса ол 9 380 872,4 мың теңгеге орындалып 107,3 пайызды құрады. Былтырғы жылмен салыстырғанда өсу деңгейі 426,3 пайыз немесе 7 180 404,4 мың теңгеге артығымен түсіп отыр.

Жергілікті бюджеттің жоспары 2 140 288,0 мың теңге болса ол 2 097 570,9 мың теңгеге орындалып 98,0 пайызды құрады, -42 717,1 мың теңге кем түсті. Былтырғы жылмен салыстырғанда өсу деңгейі 102,2 пайыз немесе 45 605,0 мың теңге артығымен түсті.

Артық төлемдер бойынша 01.01.2024 жылға артық төлемдер сомасы 1 601,8 млн теңге болса ол 01.01.2025 жылға 1 536,8 млн теңгеге дейін кемітілді немесе 95,9 пайызды құрады.

Жергілікті бюджет бойынша артық төлемдер 01.01.2024 жылға 505,6 млн теңге болса ол 406,4 млн теңгеге дейін кемітілді немесе 80,4 пайызды құрады.

01.01.2024 жылға 22 909,0 мың теңге болса, 01.01.2025 жылға 18 285,0 мың теңгеге кеміді, жыл басымен салыстырғанда -20,0 пайызға немесе -4 624,0 мың теңгеге кеміді.



# КЕГЕН АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ



**ИГЕМБАЕВ ЕСБОЛАТ  
МУРАТБЕКОВИЧ  
БАСШЫ**

Кеген ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы 3 бөлімнен құралған- Салық төлеушілермен жұмыс бөлімі, Салықтық әкімшілendіру және өндіріп алу бөлімі, «Кеген» өткізу пунктінің үйымдастыру бөлімі, Басқарманың штаттық құрылымы 11 мемлекеттік қызметкерлерден тұрады. Атап айтқанда 1 басқарма басшысы, 3 бөлім басшысы, 6 бас маман, 3 жетекші маман. Келісім шарт негізінде 1 іс жүргізуши, 1 мұрағатшы, және 1 комендант жұмыс жасайды. Басқарма қызметкерлері Алматы облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің меншік құқығындағы екі қабат ғимараттың 282,2 шаршы метр аумағында орналасып қызмет атқарады.

Кеген ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына Игембаев Есболат Муратбекович басшылық етеді.

Игембаев Есболат Муратбекович 1970 жылы Кеген ауданы Жаланаш ауылында дүниеге келген. Салық саласында 1995 жылдан бастап жұмыс жасап келеді, еңбек жолын салық инспекторы болып бастап, ұзақ жылдар осы салада маман, бас маман, бөлім басшысы, басқарма басшысының орынбасары, басқарма басшысы қызметтерін атқарды. 2018 жылдың 9 қыркүйегінен бастап осы уақытқа дейін Кеген ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы болып қызмет етіп келеді.



01.01.2025 жылға мемлекеттік бюджет түсімдердің болжамы 8 897,5 млн. теңге, орындалғаны 8 996,5 млн. теңге, болжам 101,1 % орындалды немесе 99,0 млн. теңге болжамнан артық тұсті. Былтырғы жылмен салыстырғанда өсуқарқыны 120,4 % теңге немесе 1 524,4 млн. теңге артық тұсті. Оның ішінде:

Республикалық бюджет бойынша болжам 6 440,0 млн. теңге, орындалғаны 6 478,0 млн. теңге, болжам 100,6 % орындалды немесе 38,0 млн. теңге болжамнан артық тұсті. Былтырғы жылмен салыстырғанда өсуқарқыны 121,6 % теңге немесе 1 151,4 млн. теңге артық тұсті.

Жергілікті бюджет бойынша болжам 2 457,5 млн. теңге, орындалғаны 2 518,5 млн. теңге, болжам 102,5 % орындалды немесе 61,0 млн. теңге болжамнан артық тұсті. Былтырғы жылмен салыстырғанда өсу қарқыны 117,4 % тең немесе 373,0 млн. теңге артық тұсті.

01.01.2025 жылға мемлекеттік бюджет Салықтық түсімдердің болжамы 8 788,0 млн. теңге, орындалғаны 8 874,4 млн. теңге, болжам 101,0 % орындалды немесе 86,4 млн. теңге болжамнан артық тұсті. Былтырғы жылмен салыстырғанда өсу қарқыны 119,8 % тең немесе 1 468,1 млн. теңге артық тұсті.

# ҰЙҒЫР АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ

## ЕҢБЕК НӘТИЖЕСІ - КАЗЫНАНЫ ТОЛТАРУ

Ұйғыр ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге және өңірдің дамуын ынталандыруға белсенді қатысып отыр. Қазіргі уақытта кірістер басқармасының тіркеу есебінде 507 заңды тұлға, 3676 жеке кәсіпкер және 61 510 жеке тұлға бар. Мемлекеттік кірістер басқармасы ауданның бюджет шығынын толық өтеуге талпынуда. 2024 ауданның шығыны 10 млрд теңгенің көлемінде болса, 2023 жылмен салыстырғанда 2024 жылы мемлекетке 3 млрд-қа жуық ақша артық түсуін қамтамасыз етті. Ұйғыр ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы 2024 жылға берілген болжамды, яғни 8 млрд 37 млн 043 мың теңгені 102,8 пайызға орындалап, бюджетке 8 млрд 267 млн 621 мың теңге жинауды, 2023 жылмен салыстырғанда өсу қарқыны 2 млрд 795 млн 779 мың теңгені құрады немесе 151,1% орындалды.



**ХАСЕНОВ НҰРТАС  
НҰҒАЙБЕКҰЛЫ  
БАСШЫ**

Оның ішінде Жергілікті бюджет бойынша берілген болжам 5 млрд 307 млн 941 мың теңге 102,8 пайызға орындалып, бюджетке 5 млрд 459 млн 066 мың теңге жиналды, 2023 жылмен салыстырғанда өсу қарқыны 981,156 млн теңгеге артық. Республикалық бюджет бойынша берілген болжам 2 млрд 729 млн 103 мың теңгені орындалап, бюджетке 2 млрд 808 млн 554 мың теңге жиналды, 2023 жылмен салыстырғанда 1 млрд 814 млн 624 мың теңгені құрады немесе 282,6 % орындалды.

Бұл нәтижелер Ұйғыр ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы ұжымының жоғары жауапкершілігі және сапалы жұмысының арқасында жүзеге асты. Басқармада өз мамандығын жетік мәнгерген 13 маман жұмыс істейді. Олардың барлығы жоғары оқу орындарын бітіргендер. Жартысынан көбі жас кадрлар. Әр маманның кәсіби өсуіне, біліктілігін арттыруға, өзіне жүктелген жұмыстың тыңғылықты орындалуына баса көңіл бөлінеді. Салық салу заңнамасының мәселелері бойынша тұрақты түрде техникалық оқу, дөңгелек үстелдер өткізіледі. Мемлекеттік қызметшілердің әдептілігін сақтау және сыйбайлар жемқорлықта қарсы іс-қимыл туралы мәселелерге қатысты ашық есік күндері жүйелі түрде өткізіліп тұрады.



Ұйғыр ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасын Хасенов Нуртас Нұғайбекұлы 2022 жылдан бері басқарып келеді. Салық жүйесіндегі жұмыс өтілі 16 жыл. Еңбек жолын 2009 жылы Салық басқармасының бас салық инспекторынан бастаған. Хасенов Нуртас Нұғайбекұлы «Мемлекеттік кірістер органдарының үздігі» атағына ие. Басқармада салықтық әкімшілендіру және өндіру бөлімінің басшысы Авакриев Нариман Тельманович «Мемлекеттік кірістер органының үздігі» төсбелгісімен марапатталған, сонымен қатар мекемеде Билибаева Галима Жанузаковна, Сейсекбаева Надия Байболатовна, Ибуллаева Мухабат Абуловна, Мысакулова Бұлбұл Жұманқызы сияқты әртүрлі марапатқа ие білікті мамандар ел игілігіне қызмет етуде.

# АЛАТАУ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК ҚІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ

2024 жылдан бастап Алатау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының ұжымын тәжірибелі кәсіпқой Кужаев Алмас Мұхамбетазыұлы басқарады, оның салық жүйесіндегі еңбек өтілі 16 жылды құрайды, ол өзінің еңбек жолын 2008 жылы салық комитетінің инспекторынан бастаған. Мемлекеттік кірістер органдарының үздігі болып табылады. Қазіргі уақытта Алатау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы өнірдің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге және дамуын ынталандыруға белсенді қатысада. Алатау қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының тіркеу есебінде 346 зандау тұлға, 2257 жеке кәсіпкер және 52 мың жеке тұлға тіркелген. Қызмет нәтижесі бойынша 2025 жылдың 3 айында 3 284, 8 млн. теңге түсті.



**КУЖАЕВ АЛМАС  
МУХАМБЕТАЗИЕВИЧ  
БАСШЫ**

Республикалық бюджеттің болжами 709,9 млн. теңгеге асыра орындалып, 10% -ға орындалды, жоспар бойынша жылына 500 млн. теңге болса, 1 209,9 млн. теңге түсті. Осу қарқыны 709,9 млн. теңге сомасына өсіммен 1% -ды құрады. 2025 жылдың басынан бастап ЖБ-ға 2 074,8 млн. теңге түсті. ЖБ-ны қамтамасыз ету болжами әлі түскен жоқ.

Аталған нәтижелерге Алатау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы ұжымының үйлесімді және тиімді жұмысының арқасында қол жеткізілді. Бұғынгі таңда қызметкерлердің саны 9 қызметкерді құрайды, олардың жартысынан астамы - жас кадрлар.

Олардың кәсіби өсуін қалыптастыруға, біліктілігін арттыруға, тапсырылған жұмыс участкесіне адал қарауға, ұжымда жұмыс істей білуге үлкен көзіл бөлінеді. Қызметкерлер ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі жаңындағы Мемлекеттік басқару академиясында тағылымдамадан өтеді, ҚР ҚМ МҚК Оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырған қызметкерлерді өз жұмыс орындарынан қашықтықтан оқыту көзделген, тұрақты негізде техникалық сабактар, дөңгелек үстелдер, ҚР мәселелері бойынша Ашық есік күндері өткізіледі ". салық салу, мемлекеттік қызметшілердің этикасын сақтау және сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл.



Көптеген мамандар облысының мемлекеттік қызметшілері арасындағы командалық спартакиадаларға белсенді қатысқаны үшін алғыс хаттармен марапатталды. Осы факторлардың барлығы Алатау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының салық төлеушілер үшін қолайлы жағдай жасап, өз қызметкерлерінің жоғары кәсіби деңгейін қамтамасыз ете отырып, өнірдің қаржылық тұрақтылығы мен дамуына тиімді ықпал ететінін көрсетеді.

# ТАЛҒАР АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ

Салық органдары күрделі міндеттерді шешіп, бюджетті толықтырып, мемлекетіміздің экономикалық әл-ауқаты мен қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Талғар ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының тіркеу есебінде 3 800 заңды тұлға, 15 891 жеке кәсіпкер және 286 579 жеке тұлға бар.

2024 жылғы қызмет нәтижелері бойынша мемлекеттік бюджетке 156 810,2 млн. теңге тұсті, яғни өткен жылмен салыстырғанда 36 824,7 млн. теңгеге артты.

Респубикалық бюджетке 101 088,2 млн. теңге тұсті, өткен жылмен салыстырғанда 13 510,5 млн. теңгеге артты.

Жергілікті бюджетке 55 722,0 млн. теңге тұсті, өткен жылмен салыстырғанда 23 314,2 млн. теңгеден артты.



**ЛЕСХАНОВ ЕДГАР  
ЛЕСХАНҰЛЫ  
БАСШЫ**



Бұгінгі күні басқарманың штат саны 40 адамды құрайды. Бекітілген құрылымға сәйкес 7 бөлім бар: салық төлеушілермен жұмыс бөлімі, заңды тұлғаларды әкімшілендіру бөлімі, жанама салықтарды әкімшілендіру бөлімі, өндірістік емес төлемдерді және дара кәсіпкерлерді әкімшілендіру бөлімі, есепке алу, талдау және ақпараттық технологиялар бөлімі, берешекпен жұмыс бөлімі, құқықтық және ұйымдастыру жұмысы бөлімі.

Аталған кезеңде білікті мамандардың тұтас, топтасқан буыны болып табылатын ұжым өзінің барлық әлеуетін басқарма алдына қойылған міндеттерді орындауга бағыттайды. Бұгінгі таңда басқару ұжымының басым бөлігі - заманауи талаптарға сай келетін жас білікті мамандар. Көптеген қызметкерлер мемлекеттік кірістер органдарында еңбек жолын бастады, өз білімдерін бекітті, салық қызметінде белгілі бір биіктеге жетті. Оларға әрқашан салық қызметінің майталмандары көмектеседі. Қызметкерлердің кәсіби деңгейін көтеру мақсатында ұжымда тұрақты түрде салық заңдылықтарын және басқа да нормативтік-құқықтық актілерді оқып-үйрену, сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және ескерту бойынша техникалық сабактар өткіzlіp тұрады. Осындағы озық тәжірибелі қызметкерлердің парасат пайыммен еңбек етуіне үйітқы болып, жогары талап қоя біletіn біlіktі basшы Едгар Лесханұлы Лесханов бұгінгі таңда басқарманың тізгінін ұстап отыр. Өзінің білімімен, табандылығымен, жұмысқа деген көзқарасымен қарапайым маманнан басқарма басшысына дейінгі жолды жүріп өтті. Салық саласына сінірген еңбегі үшін «Мемлекеттік кіrіster органдарының үздігі» төсбелгісімен марарапатталған. Алдағы уақытта да салық органдарының мемлекет бюджетінің кіrіc түсіmін арттыруға бар мүмкіншілікті қолданып, мәртебесін нығайтуға өз үлсіmізді қосамыз. Сондай-ақ бар күш-жігерімізді аямай, еліміздің гүлденеуі үшін еңбек етеміз.

# РАЙЫМБЕК АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ

Манкибаев Ахмет Таубаевич 13 қараша 1969 жылы туылған. Қазак Мемлекеттік басқару академиясын «Экономист» мамандығы бойынша бітірген.

2022 жылдың 25 сәуірінен бастап Райымбек ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасын басқарып келеді. Кірістер саласында 30 жыл ұздіксіз қызмет атқаруда.

Райымбек ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы 2 бөлімнен құрылған.

1. Салық төлеушілермен жұмыс бөлімі;
2. Салықтық әкімшілендіру және өндіріп алу бөлімі.

Басқармада 8 мемлекеттік қызметкер бар. Оның ішінде 1- басқарма басшысы, 2- бөлім басшасы, 1-бас маман бала күтіміне байланысты еңбек демалысында, 4-бас маманы жұмыс істейді. Басқарма Райымбек ауданы, Нарынқол ауылы, Райымбек көшесі № 29 гимараттың бірінші қабатында орналасқан. Жұмыс бөлімдері жиһаздармен және қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілгенді.



**МАНКИБАЕВ АХМЕТ ТАУБАЕВИЧ**  
**БАСШЫ**



Қазіргі уақытта Райымбек ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы ауданның қаржылық тұрақтылығының қамтамасыз етуге және дамуына елеулі үлес қосуда.

2024 жылдың қорытындысы бойынша жалпы жоспар 2 212 899,0 мың теңге болса, түсім 2 282 914,8 теңгені құрап немесе 103,0 % орындалды. Оның ішінде жергілікті бюджет бойынша жоспар 102,9 % орындалды немесе жоспар 1 764 491 мың теңге болса, түсім 1 802 518,8 мың теңгені құрады.



# **МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ**



Тәуекелдерді басқару жүйесінде жаттықтырушыларды даярлау бағдарламасы (ToT) арқылы кеден органдарының әлеуетін дамыту

Халықаралық сауда қарқынды дамып келе жатқан қазіргі әлемде кедендей әкімшілендірудің тиімділігін арттыру қажеттілігі артып келеді. Бұл саладағы негізгі элементтердің бірі-бақылау процедураларын оңтайландыруға, тауарларды шығарудағы кідірістерді азайтуға және халықаралық жеткізу тізбектерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқару. Бұл түрғыда Дүниежүзілік кеден үйымының (ДКҰ) және Жапонияның Халықаралық ынтымақтастық агенттігінің (JICA) қолдауымен жүзеге асырылатын тәуекелдерді басқару жүйесіндегі (ТБЖ) жаттықтырушыларды даярлау бағдарламасы ерекше маңызға ие. Бұл бағдарлама кеден қызметтерінің кадрлық әлеуетін дамытуға және олардың көсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған.

Тәуекелдерді басқару бағдарламасы 2-3 жыл ішінде отырыстар тәуекелдерді басақ кеден органдарының әзірлеуге бағытталған. Бағдарламада Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан, Азия және Кавказ елдерінің және екінші отырыстар Қазақстан, Ақимшілдендердіруді жаңғырту п

Жұмыс тобының бірінші отырысы Астанада 2024 жылдың 30 қыркүйегі мен 4 қазаны аралығында өтті. Оның аясында қатысушылар тәуекелдерді басқару жүйесінің негіздерін зерттеді, тауарларды шығару уақытын талдау әдістерін зерттеді және тәуекелдерді бағалау құралдарын игерді. 2025 жылғы 3-7 ақпан аралығында Астанада өткен екінши отырыс мастер-жаттықтыруышыларды даярлау үшін білім беру бағдарламаларын оқыту және бейімдеу әдістемелеріне бағытталды.



Жаттықтырушыларды даярлау бағдарламасы өзінің басты мақсаты ретінде алған білімдері мен дағдыларын әріптестеріне бере алатын мамандарды оқытуудың тұрақты жүйесін қалыптастыру болып табылады. Оқыту барысында қатысушылар тәуекелдерді талдау мен бағалаудың озық әдістерімен танысады, үздік халықаралық тәжірибелерді үйренеді және оларды үлттық жағдайларға бейімдейді. Бұл жай ғана ақпарат алу процесі емес-бұл қазіргі заманғы аналитикалық құралдар мен практикалық дағдыларға негізделген кедендік рәсімдерді басқару тәсілін өзгерту.

Бағдарламаның маңызды аспектілерінің бірі-мастер-жаттықтырушылар деп аталатындарды даярлау. Бұл мамандар тәуекелдерді басқару саласындағы терең білімді игеріп қана қоймай, оқытудың тиімді әдістерін менгереді, бұл оларға өз білімдерін кеден органдарының басқа қызыметкерлеріне беруге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл кеден әкімшілктеріндегі кадрларды кәсіби дамыту жүйесінің ажырамас бөлігіне айналатын ішкі оқытудың тиімді тетігін құруға ықпал етеді

Бұл бағдарламаны іс жүзінде жүзеге асыру бірнеше бағытты қамтиды. Біріншіден, бағдарламаға қатысушылар тәуекелдерді талдау саласындағы озық технологияларды, соның ішінде ықтимал қауіптерді болжауға мүмкіндік беретін автоматтандырылған деректерді өңдеу жүйелерін зерттейді. Екіншіден, олар өз елдерінің қажеттіліктеріне сәйкес келетін оқу материалдарын әзірлеуге және бейімдеуге белсенді қатысады. Үшіншіден, бағдарлама топтық талқылаулар, сценарийлерді модельдеу және практикалық жағдайлар сияқты білім берудің тиімділігін арттыруға бағытталған интерактивті оқыту әдістерін қамтиды.

Тәуекелдерді басқару жүйесіндегі жаттықтырушыларды даярлау бағдарламасы үздіксіз оқыту және тұрақты тәжірибе алmasу принциптеріне негізделгенін атап өту маңызды. Ол халықаралық ынтымақтастық пен кедендік әкімшілендіруді жетілдіру жөніндегі күш-жігерді үйлестіру үшін платформа құра отырып, Орталық Азия мен Кавказ елдерінің өкілдерін біріктіреді.

Осылың арқасында бағдарламаға қатысушылар білім алмасуға, өзекті мәселелерді талқылауға және тәуекелдерді басқарудың бірыңғай тәсілдерін әзірлеуге мүмкіндік алады.

Қазақстан өзінің кедендік рәсімдерін жетілдіруге және әлемдік экономикалық кеңістікке интеграциялауға ұмтыла отырып, осы бағдарламаны іске асыруда белсенді рөл атқарады. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Оқу-әдістемелік орталығы (МҚК ОӘО) Бағдарламаға қатысушыларды оқытуды үйымдастыруға және әдіснамалық қолдауға жауапты негізгі институт ретінде әрекет етеді. Астанада жұмыс кездесулері мен оқыту семинарларын өткізу елдің кеден органдары қызыметкерлерінің кәсіби әлеуетін дамытуға ұмтылысын көрсетеді, бұл өз кезегінде инвестициялық ахуалды жақсартуға және халықаралық сауданы жөнілдетуге ықпал етеді.

Тренерлерді даярлаудың осы бағдарламасын іске асыру ұзақ мерзімді перспективаға ие және көптеген оң нәтижелерге ие. Ең алдымен, бұл тәуекелге бағдарланған тәсілдерді енгізу есебінен кедендік бақылаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, бұл әкімшілік кедергілердің төмендеуіне және тауарларды шығару процесін жеделдетуге әкеледі. Сонымен қатар, Бағдарлама кедендік рәсімдердің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратын халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға және озық тәжірибемен алмасуға ықпал етеді. Осылайша, тәуекелдерді басқару жүйесіндегі жаттықтырушыларды даярлау бағдарламасы қазіргі заманың өзекті сын-тегеуріндеріне жауап беріп қана қоймай, Кеден жүйесін одан әрі дамыту үшін берік негіз қалайды. Қазақстан Халықаралық кеден қауымдастырындағы сенімді және жауапты әріптес рөлін растай отырып, тәуекелдерді басқару тетіктерін жетілдіру бойынша белсенді жұмысын жалғастыруда.





Автор: Касымкулова Ляззат Турдакыновна  
ҚР ҚМ МКК Оқу-әдістемелік орталығының Басшысының орынбасары

## САЛЫҚТЫҚ ӘКІМШІЛЕНДІРУДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ: ҚР ҚМ МКК-НІҢ ІОТА ИС-ШАРАЛАРЫНА ҚАТЫСУЫ

### ІОТА ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Intra – European Organisation of Tax Administrations (IOTA) - салықтық әкімшілендіру саласындағы практикалық үнтыймақтастық үшін құрылған халықаралық салық әкімшілігі үйімі. IOTA 43 толық және 1 қауымдастырылған мүшени – Еуразия аймағының салық әкімшіліктерін біріктіреді.



Ұйым мүшелері басқаратын салық түсімдерінің жалпы көлемі шамамен 4,6 трлн еуроны құрайды, ал салық қызметкерлерінің саны 660 000-нан асады. Сонымен қатар, IOTA-ның 29 мүшесі ЭҮДҰ (OECD) салықтық әкімшілік форумына (FTA) кіреді.

IOTA миссиясы-мүше елдердің салық әкімшіліктері арасында білім мен озық тәжірибелермен алмасуға ықпал ету, сондай-ақ салықтық әкімшілендірудің инновациялық тәсілдерін дамыту. Ұйым салық органдары мамандарының біліктілігін арттыруға ықпал ететін вебинарлар, семинарлар, техникалық конференциялар мен форумдар өткізу арқылы халықаралық үнтыймақтастықты белсенді қолдайды.

2025 жылғы ақпан және наурыз айларында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті IOTA-ның салықтық әкімшілендіруді цифрландыру және салық төлеушілермен өзара іс-қимыл сапасын арттыру мәселелеріне арналған екі маңызды іс-шарасына қатысты.

Бірінші іс-шара 2025 жылдың 12-13 ақпанында өткен цифрлық семинар болды, онда ҚҚС төлеушілерді тіркеу, алайқтық өтінімдерді анықтау және адал салық төлеушілердің клиенттік тәжірибесін жақсарту мәселелері талқыланды. Іс-шараны IOTA Бас хатшысы ашты, ол цифрлық технологиялардың салықтық әкімшілендірудің ашықтығын қамтамасыз етудегі маңыздылығын атап өтті. Семинар барысында жетекші халықаралық сарапшылар баяндама жасады. Эыдұ (OECD) аға талдаушысы Джонатан Хансон ҚҚС төлеушілерді тіркеуді цифрландырудың заманауи әдістері туралы егжей-тегжейлі айттып берді. Германияның салық әкімшілігінің салық төлеушілерді тіркеу бөлімінің бастығы Анна Ковальски салықтық алайқтықтың алдын алу тетіктерін қарастырған баяндама жасады. Испанияның салық басқармасының өкілі Мигель Родригес жосықсыз тіркеулермен күресудің сәтті тәжірибесімен бөлісті, ал Португалиядан келген сарапшы Кристина Лопес салықтық әкімшілендіруді жеңілдетуге бағытталған автоматтандырылған қызметтерді енгізу туралы айтты. Семинар барысында өтініш берушілердің деректерін тексеру бойынша озық технологиялар, құдікті тіркеулерді анықтаудың автоматтандырылған жүйелері және өтінімдерді өңдеу мерзімдерін қысқартудың тиімді тетіктері талқыланды.

Келесі маңызды іс-шара 2025 жылдың 5-6 наурызында өткен IOTA салықтық коммуникациялар форумы болды. Форумның негізгі тақырыбы салық саласына цифрлық құралдарды енгізу және салық төлеушілермен өзара іс-қимылды жақсарту үшін жасанды интеллектті пайдалану болды. Форум аясында қатысуышылар әлеуметтік желілерді автоматтандыру, қоғамдық пікір мониторингі, сондай-ақ салықтық әкімшілендіруге байланысты контент жасау үшін генеративті жасанды интеллектті қолдану мәселелерін қарастырды. Форумның негізгі спикерлерінің арасында Эыдұ (OECD) өкілі Гийом Фавр болды, ол салық коммуникацияларында АИ қолдану перспективалары туралы айтты. Салықтық әкімшілендіру форумының талдаушысы Сандра Петерсон салықтық әкімшілендірудің ашықтығын арттыру үшін цифрлық құралдарды әзірлеуге арналған баяндама жасады. IOTA-ның жетекші мамандарының бірі Григорий Ван Дайк әртүрлі елдерде салық төлеушілермен өзара әрекеттесудің автоматтандырылған жүйелерін енгізуіндегі сәтті мысалдарымен бөлісті.

Аталған іс-шараларға ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің өкілдері, сондай-ақ ҚР ҚМ МКК Оқу-әдістемелік орталығының қызметкерлері қатысты.

Екі іс-шара да салықтық әкімшілендіру саласындағы білім мен озық тәжірибелермен алмасу үшін маңызды алаңға айналды. Олар қатысуышыларға заманауи әлемдік тенденциялар туралы түсініктерін тереңдетуге, салықтық әкімшілендіруді цифрландырудың сәтті мысалдарын талқылауға және одан әрі халықаралық ынтымақтастық үшін байланыс орнатуға мүмкіндік берді. IOTA-мен өзара іс-қимыл Қазақстанның Мемлекеттік кірістер органдарына үздік халықаралық стандарттарды ұстануға, инновациялық шешімдерді енгізуге және экономикалық процестің барлық қатысуышылары үшін неғұрлым тиімді және ыңғайлы салықтық әкімшілендіруді құруға ықпал ете отырып, салық жүйесінің ашықтық деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.



Автор: Калиев Жунусбек Артурович  
ҚР ҚМ МКК Оқу-әдістемелік орталығының бөлім басшының м.а.

## ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ КЕДЕҢДІК ӘКІМШІЛЕНДІРУДІ ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ ЗАМАНАУИ СЫН-ТЕГЕУРІНДЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

2025 жылғы 20 ақпанда Түркменстанның Ашхабад қаласында БОМКА - 10 бағдарламасының жобаның өнірлік басқару тобының 4-ші отырысы өтті. Ишараға Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің өкілдері, оның ішінде Кедендейк бақылау департаментінің сарапшысы Ернар Асқарұлы Асанхан және Оқу-әдістемелік орталығының бөлім басшысының міндеттін атқарушы Жунусбек Артурович Калиев қатысты.

Отырыс БОМКА-10 бағдарламасын іске асырудың ағымдағы барысын талқылауға және одан әрі іс-шараларды жоспарлауға арналды. Кездесу барысында қатысуышылар цифрлық шешімдерді енгізуі, кәсіптік оқытууды дамытууды және мемлекеттік құрылымдар арасындағы өзара іс-қимылды жақсартуды қоса алғанда, шекаралық басқаруды жаңғыртуудың негізгі аспектілері бойынша баяндамалар ұсынды. Кедендейк заңнаманы үйлестіру және шекарадағы бақылау рәсімдерін оңтайландыру мәселелеріне ерекше назар аударылды. Талқылау барысында Орталық Азия елдерінің өкілдері жаңа технологияларды енгізу бойынша тәжірибе алмасты, кедендейк әкімшілендірудің тиімділігін арттыру бойынша әзірлемелерді ұсынды және бағдарлама шеңберінде одан әрі ынтымақтастық жолдарын белгіледі.

БОМКА-10 бағдарламасы (Border Management Programme in Central Asia) – Еуропалық Одақ қаржыландыратын, Орталық Азия елдеріндегі шекаралық басқаруды жаңғыртуға бағытталған бастама. Бағдарламаның оныншы кезеңі аясында Қазақстан, Қыргызстан, Тәжікстан, Түркменстан және Өзбекстан қатысады. БОМКА-10-ның басты мақсаты шекараларды тиімді және ашық басқаруды дамыту, заманауи технологияларды енгізу және кеден және шекара салаларында жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілердің кәсібілігін арттыру болып табылады.

Бағдарламаның негізгі бағыттарының бірі шекаралық және кедендік әкімшілендіру саласында жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілерді оқыту және олардың біліктілігін арттыру болып табылады. Бағдарлама шеңберінде кәсіби дағдыларды дамытуға, халықаралық тәжірибелі зерделеуге және бақылаудың озық әдістерін енгізуге бағытталған мамандандырылған тренингтер өткізіледі. Ұлттық кеден қызметтері шеңберінде үздіксіз кәсіби дамудың тұрақты жүйесін құра отырып, өз әріптерін оқыта алатын жаттықтырушыларды даярлауға ерекше назар аударылады.

Бағдарламаның тағы бір маңызды аспектісі кедендік рәсімдерді цифрландыру болып табылады. Қазіргі таңда технологиялық инновациялар кеден органдары жұмысының тиімділігін арттыруда шешуші рөл атқарады. БОМКА - 10 аясында қатысушы елдер тәуекелдерді жедел анықтауға, тексеру процедураларын оңтайландашуруға және шекара дағы кідірістерді азайтуға мүмкіндік беретін деректерді талдаудың автоматтандырылған жүйелерін зерттейді және енгізеді.



Осындай инновациялардың бір мысалы Түркіменстанның Мемлекеттік кеден қызметінің БОМКА-10 қолдауымен жасалған елдегі алғашқы мобиЛЬДІ қосымшаны ұсынуы болды. Бұл қосымша пайдаланушыларға кеден заңнамасы туралы өзекті ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік береді, жолаушылар декларациясын онлайн және оффлайн толтыруға, кедендік тарифтерді есептеуге және жиі қойылатын сұрақтарға жауап алуға мүмкіндік береді. Қосымша түрікмен, орыс және ағылшын тілдерінде қол жетімді, бұл оны азаматтар үшін де, халықаралық тасымалдаушылар үшін де ыңғайлы құрал етеді. Отырыс барысында Туркіменстан өкілдері қосымшаның функционалдық мүмкіндіктерін көрсетіп, оның жұмыс принциптерін түсіндіріп, кеден саласындағы цифрлық сервистерді одан әрі дамыту жоспарларымен бөлісті. Бұл құрал тауарларды декларациялау процесін едәуір жеңілдетеді, ресімдеу уақытын қысқартады және кеден органдары мен бизнес арасындағы өзара іс-қимылдың ашықтығын арттырады деп күтілуде.

Кеден заңнамасын үйлестіру де бағдарламаның маңызды бағыты болып табылады. БОМКА-10 шеңберінде Орталық Азия елдері халықаралық талаптарға сәйкес келетін бірыңғай кедендік ресімдер мен стандарттарды жасау бойынша жұмыс істеуде. Бұл сыртқы экономикалық қызметті дамытуға, сауда ресімдерін жеңілдетуге және бизнес үшін әкімшілік кедергілерді азайтуға ықпал етеді. Кедендік реттеуді біріздендіру өңір елдерінің халықаралық сауда желілеріне интеграциялануын жеңілдетеді және шетелдік инвестицияларды тартуға ықпал етеді.

Мемлекетаралық ынтымақтастықты нығайту бағдарламаны іске асыруда орталық орын алады. БОМКА - 10 шеңберінде Орталық Азия елдері, сондай-ақ Еуропалық Одақ пен Дүниежүзілік кеден үйымын қоса алғанда, халықаралық әріптер арасында білім, Үздік тәжірибелер мен тәжірибе алмасу үшін платформалар құрылуда. Бұл ынтымақтастық өңір елдеріне шекараны басқарудың озық әдістерін қабылдап қана қоймай, қауіпсіздік, бақылау және кедендік ресімдерді жаңғырту мәселелері бойынша бірлескен шешімдер әзірлеуге мүмкіндік береді. Қазақстан табысты халықаралық тәжірибелерді ұлттық жағдайларға бейімдеуге ұмтыла отырып, халықаралық үйымдармен және Бағдарламаға қатысушы елдермен белсенді өзара іс-қимыл жасайды.

Әлемдік экономиканың қарқынды дамуы және халықаралық сауда көлемінің өсуі жағдайында кедендік әкімшілендіруді цифрандыру басым міндетке айналады. Қазақстан инновациялық шешімдерді мемлекеттік басқару жүйесіне интеграциялауды жалғастыруда, бұл сыртқы экономикалық қызметті жеңілдетуге, бюрократиялық кедергілерді қысқартуға және елдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға ықпал етеді. БОМКА-10 бағдарламасына қатысу Қазақстанға мемлекеттік кірістерді басқарудың заманауи құралдарын енгізуге, шекараларда бақылауды жетілдіруге және кеден саласындағы халықаралық ынтымақтастықты күшейтуге мүмкіндік береді.

Осылайша, БОМКА-10 бағдарламасын іске асыру және халықаралық әріптермен белсенді өзара іс-қимыл Қазақстанның кедендік әкімшілендіру саласындағы ашықтық, тиімділік және технологиялық даму қағидаттарына бейілділігін растайды. Озық технологияларды енгізу, озық тәжірибелермен алмасу және мемлекетаралық ынтымақтастықты нығайту әлемдік стандарттарға сәйкес келетін кедендік әкімшілендірудің заманауи және тиімді жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді.



#БІРГЕДАМУУШИН

#БІРГЕДАМУУШИН





